

Алға қаласының кейбір көшелерін қайта атау туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 174 қаулысы және Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 шілдедегі № 46 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12 бабының 5-1 тармақшасына, Ақтөбе облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылдың 26 желтоқсандағы қорытындысы және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Алға ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Алға аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Алға қаласының келесі көшелері:

"Комсомол" көшесі – "Жастық" көшесіне;

"Ленин" көшесі – "Республика" көшесіне;

"Фрунзе" көшесі – "Шапағат" көшесіне;

"Чапаев" көшесі – "Азаттық" көшесіне қайта аталсын.

2. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысының және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау Алға ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі
Алға аудандық
мәслихатының төрағасы*

Н. Ержанов

М. Тулеуов